ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение
УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ И РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

160023, Түркістан қ. Жаңа қала ш/а, көш.32,20
БИК: KKMFKZ2A, БСН 050140004094,
ИИК: KZ63722S000001006150
ТО бойынша, ҚР ҚМ « Қазынашылық департаменті» ММ

160023, г.Туркестан мкр. Новый город, улица 32,20
БИК: KKMFKZ2A , БИН 050140004094,
ИИК: KZ63722S000001006150
ГУ «Департамент Казначейства» поТО КК МФ РК

III санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

Түркістан облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектеп-интернат» КММ

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгір қаласы, Төле би көшесі, № 307 мекенжайда орналасқан Түркістан облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектеп-интернат» КММ-нің жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы

Материалдар: «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі «Bag-Ali» ЖК-мен (Шымкент қаласы, 189 квартал, 33 үй) әзірленді.

Жоба материалдарының тапсырысшысы: Түркістан облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектеп-интернат» КММ (Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгір қаласы, Төле би көшесі, № 307 үй. БСН:000340003024).

Мемлекеттік экологиялық сараптама қарауына ұсынылған материалдар: III санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге арналған өтінім, жобалық құжаттама, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

Материал қарастырылуға 25.06.2025 жылы түсті, кіріс №KZ26RCT00214882.

Жалпы мәліметтер

Ауданының климаты орта континенталды, жазда батыстан келетін циклондардың әсерінен қалыптасады. Климат келесі ерекшеліктермен сипатталады: қыс суық, көктем және күз қысқа, жаз ыстық. Жылдық орташа ауа температурасы +10,8°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 995 мм. Ең құрғақ ай – тамыз айы, жауын-шашын мөлшері 16 мм. Жауын-шашынның ең көп мөлшері сәуір айында 152 мм құрайды. «Қазгидромет» РМК-мен ауданда атмосфералық ауаға ластаушы заттардың фондық шоғырлануына бақылау жүргізілмейді.

Ұсынылған жобалық құжаттамаларда Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгір қаласы, Төле би көшесі, № 307 мекенжайда орналасқан Түркістан облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектеп-интернат» КММ-нің жобасы қарастырылуда.

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы тарапынан Түркістан облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектеп-интернат» КММ-не 21.07.2020 жылы №KZ49VDD00147615 IV санаттағы объектіге қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілген. Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары 51,4834 т/жыл құраған.

Объектінің табиғат пайдалану шарты өзгеруіне байланысты «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі әзірленген. Бұрын объектіні жылыту үшін көмір пайдаланылған, қазіргі таңда объект табиғи газбен жылытылады.

Объект Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 1-қосымшасының 1 және 2-бөлімінде көрсетілген қызмет түрлері мен объектілердің тізбесіне жатпайды. Сонымен

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

қатар, объект белгіленіп отырған қызметтің әсер етуін скринингтеу рәсімін жүргізу міндетті болып табылатын белгіленіп отырған қызмет түрлері мен объектілердің тізбесіне кірмейді.

«Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі №246 бұйрығының 12-тармағы 7-тармақшасына сәйкес, объект III санатқа жатады.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны дайындау үшін әзірленген.

Жобалық құжаттама бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілді. 12.06.2025 жылғы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына сәйкес, ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Мектеп-интернат Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгір қаласы, Төле би көшесі, № 307 мекенжайда орналасқан. Жер учаскесінің жалпы ауданы 1,2588 га құрайды (кадастрлық нөмірі №19-305-006-789). Учаскенің оңтүстік жағынан Қапал батыр көшесі, шығысынан Төле би көшесі өткен, солтүстігінде спорт алаңшасы, батысында тұрғын үйлер орналасқан. Ең жақын тұрғын үй учаскенің шығыс жағында 50 м қашықтықта орналасқан.

Мектеп-интернаттың негізгі қызметі нашар еститін балаларды тәрбиелеу және білім беру, сондай-ақ қоғамға бейімделу мен одан әрі интеграциялану үшін жағдайлар жасау болып табылады. Интернатта 142 бала білім алады. Интернаттың жұмыс режимі – тәулігіне 8 сағат, жылына 246 күн. Жұмыс істейтін қызметкерлердің саны – 133 адам.

Учаске аумағында мектеп-интернаттың ғимараты (кабинеттер, асхана және шаруашылық үй-жайлар), қазандық, монша орналасқан.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының көздері:

- №0001 – мектеп-интернат ғимаратын жылыту «Пром-КСВ» маркалы қазандық арқылы жүзеге асырылады. Жылыту кезеңінде табиғи газдың жылдық шығыны 232,776 мың $м^3$ құрайды. Қазандықтың жұмыс уақыты жылына 183 күн, тәулігіне 24 сағат (жылына 4392 сағат). Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары биіктігі 6 м, диаметрі 300 мм құбыр арқылы шығарылады.

- №0002 – моншаны жылыту дербес әзірленген қазандық арқылы жүзеге асырылады. Жылыту кезеңінде табиғи газдың жылдық шығыны 8,5536 мың $м^3$ құрайды. Қазандықтың жұмыс уақыты жылына 60 күн, тәулігіне 12 сағат (жылына 720 сағат). Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары биіктігі 4 метр, диаметрі 100 мм құбыр арқылы шығарылады.

Мектеп-интернатта барлығы 2 ластану көздері қарастырылған, оның ішінде 2 ұйымдастырылған.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары ***1,070027 т/жыл (0,078517 г/с)*** құрайды.

Тамақ дайындау үшін асханада электр плиталары орнатылған.

Мектеп-интернатты сумен жабдықтау орталық су құбырының желілері арқылы жүзеге асырылады. Сарқынды сулар қалалық кәріз желісіне жіберіледі.

Пайда болған қалдықтар жер аумағында уақытша жиналады, содан кейін шарт бойынша шығарылады. Тағам қалдықтары үй жануарларының қорегі ретінде ауыл тұрғындарының қажеттілігіне қарай күнделікті беріледі. Түзілетін қалдықтардың жалпы көлемі ***89,0787 т/жыл*** құрайды.

Операторға қойылатын міндетті шарттар:

- Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 109-бабының 2-тармағына сәйкес, 21.07.2020 жылы №KZ49VDD00147615 қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың күші жойылуы тиіс.

Ластаушы заттар мен қалдықтар шығарындылары мөлшерінің жылдар бойынша декларацияланатын лимиттері:

1-кесте. Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының декларацияланатын мөлшері (г/сек, т/жыл).

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Декларацияланатын жыл – 2025			
Ластану көзінің нөмірі	**Ластаушы заттардың атауы**	**г/сек**	**т/жыл**
0001	Азот (IV) диоксиді (4)	0,02816	0,446
0002	Азот (IV) диоксиді (4)	0,00484	0,01254
0001	Азот (II) оксиді (6)	0,00458	0,0724
0002	Азот (II) оксиді (6)	0,000787	0,002037
0001	Көміртек оксиді (көміртегі тотығы, улы газ) (584)	0,0328	0,518
0002	Көміртек оксиді (көміртегі тотығы, улы газ) (584)	0,00735	0,01905
Барлығы:		***0,078517***	***1,070027***

2-кесте. Қауіпті қалдықтардың декларацияланатын саны.

Декларацияланатын жыл – 2025		
Қалдықтың атауы	**Пайда болу саны, т/жыл**	**Жинақтау саны, т/жыл**
Люминесцентті шамдар және құрамында сынабы бар басқа да қалдықтар (шамдар) (20 01 21*)	0,0082	0,0082
Барлығы:	***0,0082***	***0,0082***

3-кесте. Қауіпсіз қалдықтардың декларацияланатын саны.

Декларацияланатын жыл – 2025		
Қалдықтың атауы	**Пайда болу саны, т/жыл**	**Жинақтау саны, т/жыл**
Аралас коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар) (20 03 01)	57,75	57,75
Ас үй мен асханалардың биологиялық ыдырайтын қалдықтары (асханадан түзілетін қалдықтар балалардан) (20 01 08)	24,89	-
Көше тазалау қалдықтары (20 03 03)	6,4305	6,4305
Барлығы:	***89,0705***	***64,1805***

Қорытынды

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгір қаласы, Төле би көшесі, № 307 мекенжайда орналасқан Түркістан облысының білім басқармасының «№3 арнайы мектеп-интернат» КММ-нің жобасы келісіледі.

Басқарма басшысы: Қ.Абдуалиев

✍: А.Есенбай.
☎: 872(533)-5-98-49

Бұл құжат ҚР 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы 1 тармағы бойынша қағаз бетіндегі құжатқа тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Басқарма басшысы Абдуалиев Қайрат Аманкельдинович



Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.